



ТЕАТР

# Өнер тартуы

Лияс Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театры ұжымы соңғы уақытта еліміздің түкпір-түкпірінде өтіп жатқан республикалық, халықаралық өнер додалары мен фестивальдарда сирек көрініп жүр еді, айтулы жаналық өнерге жаны құштар бас шаһар көрермендерін елең еткізгені анық. Міне, сөйтіп Астананың 20 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған елорда төріндегі Қостанай облысының мәдени күндері аясында өнер көрсеткен ұжымның шығармашылық тынысымен танысуға тамаша мүмкіндік алдық.



Назерке ЖҰМАБАЙ, «Егемен Қазақстан»

Астанадағы Оқушылар сарайында Лияс Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театры ұжымы қос бірдей қойылымын көрермен назарына ұсынды. Жазушы-драматург Жолтай Жұмат-Әлмашұлының пьесасы бойынша қойылған «Қайырымды қаладағы қарлығаштар» (режиссері – Ержан Қауланов) және «Мұнмен алысқан адам» (режиссері – Ерсайын Төлеубай) спектакльдерін тамашалағаннан кейін, көңілге түрлі сезім мен сан алуан пікір де қалыптастырып үлгердік.

Жазушының «Қайырымды қаладағы қарлығаштар» драматизациясының оқиға өзегі негізінен Астананың сәулетті қала болып тұрғызалуы, осы жолдағы кездескен қиыншылықтар мен кедергілер пьесаның бас кейіпкері – сәулетші жігіт тағдыры арқылы баяндалады. Қойылымда қазақ елінің қала салу жолындағы арманы Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Абылай хан заманынан бері қарай тарқатылып, қызықты бейнелер түзуге бірқатар талпыныстар жасалған. Аталған шығарма 2017 жылы Мәдениет және спорт министрлігі жариялаған «Тәуелсіздік толғауы»

байқауында жүлделі орынға ие болған пьесалар қатарында.

Ал театр ұжымы елорда халқына тарту еткен «Мұнмен алысқан адам» аталатын екінші қойылымда өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы нәубет кезінде туған жерін тастап, елден жырақ кетуге мәжбүр болған бір отбасының тағдыр-талайы оқиға өзегіне айналған. Режиссер Ерсайын Төлеубайдың режиссерлік қолтаңбасында көпшілікпен қауышқан туынды көрерменін Отанды сүйу мен азаматтық болмысыңды сақтап қалу төңірегінде ойлантты.

Десек те, біз күткендей, Л.Омаров атындағы Қостанай облыстық драма театрының шығармашылық қуат-қарымын айғақтауға, репертуарлық аяса-т мәнін бағамдауға аталған қос қойылым толыққанды мүмкіндік берді деп айта алмаймыз. Әрине театрдың заманауи төл драматургтермен бірлесе жұмыс істеуге, оның ішінде айтулы байқауларда топ жарған шығарманы сахнаға шығаруға деген талпыныстары құптарлық.


Әйтсе де, нақты шығармашылық процесте спектакль идеясынан бөлек, драматургиялық шиеленіс түзу мен қойылымның сахналық көркем бейнелер сомдауында, сондай-ақ актерлік ойын мен режиссерлік сараптаудың да өлі де біраз шырға түсуге сұранып тұрғанын аңғаруға болады. Осы орайда театр репертуары жөніндегі сауалымызға театр директоры Сабыралы Кемелбаев: «Театрымыздың репертуарлық аясы кең. Соның ішінде, әсіресе төл драматургтерімізбен етене жұмыс істегенді қолдаймыз. Сіздер тамашалаған Жолтай Әлмашұлының қос қойылымы – осы ойымыздың айғағы. «Тәуелсіздік толғауы» байқауында жүлдегер атанған «Қайырымды

қаладағы қарлығаштар» драмасы елордамыз Астана қаласының алғаш іргесінің қалануы мен бүгінгі мегаполис деңгейіне көтерілген алып шаһардың салтанатты сәулет түзіп, әлем қызыға көз тігетін әсем орталыққа айналғанға дейінгі тағылымды тарихынан сыр қозғайды. Сонымен бірге қойылымның тақырыптық мәні құнды ғой деп ойлаймыз. Кез келген тарихи оқиға жайдан жай орын алмайды. Оның астарында қыруар еңбек пен өлшеусіз күш-жігер, табандылық жатыр. Міне, сол табандылықтың нәтижесі – бүгінде тарихына 20 жыл толтырып отырған Сарыарқаның кіндігі Астана қаласы. «Қайырымды қаладағы қарлығаштар» арқылы көрерменге осы ойды жеткізіміз келді», – деп жауап берді.

Рас өнердің талабы, сахнаның міндеті – көркем бейне, шиеленісті оқиғалар арқылы көрермені ой салу десек, бұл талап тұрғысынан келгенде, Л.Омаров атындағы Қостанай облыстық драма театры тарту еткен қос спектакльдің де тарихи оқиғалар мен деректерді сөйлетудегі ізденісі де, жастардың бойына отансүйгіштік рухын сіңірудегі тақырыптық, идеялық, мазмұндық мәні де көңілге құрмет орнықтырады. Әйтсе де, театр алдағы уақытта репертуарлық бағдарламасын жанрлық ерекшеліктеріне сай жан-жақты етіп, әдеби географиясын кеңейтіп, шығармашылық ізденістерін бұдан да гөрі сантаптапандыра түссе, тек Қостанай халқы емес, еліміздің түкпір-түкпіріндегі талғампаз көрерменнің асыға күтіп, арнайы іздеп барып көретін сүйікті өнер ошағына айналатынына сенеміз. Бұған театрдың да, шығармашылық ұжымның да қарымы толықтай жетеді.

КІТАП КӨКЖИЕГІ

# Қаламгер қазынасы



Жақында «Ана тілі» баспасынан Мәдениет және спорт министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызы турлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша қазақ прозасында детектив жанрының негізін салып, қасқа жолын қалыптаған қаламгер Кемел Тоқаевтың шығармалары жарық көрді. Бұл көрнекті қаламгер Кемел Тоқаевтың 95 жылдығына орай шыққан – мерейтойлық бес томдық.

Кемел Тоқаевтың субелі шығармасы «Солдат соғысқа кетті» романы бірінші томға берілді. Романдық берілген «Ұлы Отан соғысында 22 жасында ерлік өліммен қаза тапқан полкалық Қасым Болтаевқа арнайы» деген эпиграммаға қарап автордың бұл шығармасына айрықша шынайылықпен, көкейін тескен тебіреністі күймен толғай қалам тербегенін көреміз. Көлемді шығарманың құрылымдық жүйесі де «Солдат құрбандығын» үзінділермен тұздытала отырып, майдандағы қаһарлы күндер психологиясы мен панорамасы тәптіштей тартылады. Оқиғалардың желісі майдандағы өмірді жан-жақты суреттеу арқылы бар қырынан көрінеді. Соғыстың өртіне кеп түскен өрімдей жас жауынгерлердің образы көз алдына келеді, соғыстың қайғы-қасіреті мен қатыгездігі жаңында түршіктіреді. Жаралы жауынгерлер өмірі, оның жан қиналысы, ажал аузындағы арпалыс, жұлынған аяқ пен жаншылған денелердің қанға боялған көріністерінің қазқашында берілгені сондай, сол сұрапыл шайқастың куәгеріне айналасын. Жарылған бомба мен жауған оқтын ортасында жүрген жауынгерлердің («Сағасын сағатта өзін қалай ұстап, қалай көрсететіні, олардың әрқайсысының бір-біріне ұқсайтын көзқарасы, өмірге құштарлығы, батылдығы мен батырлығы, соған қоса кейбір кейіпкерлерінің қорқақтығы мен сатқындығы, пұшайман пенделігі секілді, әйтеуір адамда болатын қасиеттердің бәрі романда шынайы суреттеледі.

Қаламгердің көп тер төккен тақырыбы, қазақ прозасына тың үрдіс әкелген шығармалары негізінен көпке мәлім – шытырман оқиғалы повестері. Бұл повестері – байыппен зер салуды, қаламгер ізденісінің тұрақтылығы мен табандылығының айқын айғағындай болған жемісті еңбектер. Бұл прозаға келген жана жанр, күрделі де тәрбиелік мәні зор, оқырманды баурау жағынан ұтқыр да үшқыр детектив жанрының шебері ретінде танылған қаламгердің шығармашылық ізденістегі жемісті де жеңісті жылдары іспетті. Қаламгердің бұл шығармалары («Сағасын сағатта өзін қалай ұстап, қалай көрсететіні, олардың әрқайсысының бір-біріне ұқсайтын көзқарасы, өмірге құштарлығы, батылдығы мен батырлығы, соған қоса кейбір кейіпкерлерінің қорқақтығы мен сатқындығы, пұшайман пенделігі секілді, әйтеуір адамда болатын қасиеттердің бәрі романда шынайы суреттеледі.

Қаламгердің шығармалар жинағының бірінші томына «Солдат соғысқа кетті» романымен қатар «Түнде атылған оқ», «Тасқын» повестері берілген. Екінші томға берілген қаламгердің кезекті күрделі шығармасы – «Соңғы соққы» романы. Күрделі деп ерекше атауымыздың мәні мынада. Алдымен қаламгердің таңдаған тақырыбына терең зерттеушілікпен барып, өткен өмірдің қиын-қысталаң шағындағы дерегі мен дәйегі, шындығы мен аңызды араласып кеткен оқиғалардың тінін ашуға тайсалмай барғаны тәнті етсе, дәуір тынысына сай дүбірлі оқиғалардың, оған қатысты жандардың қарекеті мен күресінің құпия сырларын аша отырып суреттей білудегі қаламгерлік табандылығы қашысыз шеберлігімен баурап алады. Осы тақырыпты игеру жолында қандай қиындықтар мен кедергілердің барын біле тұра қаламын қайсарлықпен сілтей білуіне қарап қаламгердің рухани қуатының қандай болғанын бағалау қиын бола қоймас. Шындығында, бұл романның оқиғалары мен кейіпкерлерінің нақтылығы мен деректілігі – өткен өмірдің қиын желін құрықтай білумен пара-пар дерліктей еді.

Үшінші томның үлесіне «Ұясынан безген құс» романы мен «Қастандық» повесі тиіпті. Жалпы, шытырман оқиғалардың өмірдегі болмысын терең әрі өзіндік тұрғыда танып білетін, шылауында кетпей оның логикалық қисыны мен дамуын зерделей алатын қаламгер әр шығармаға шынайы шындықты арқау етуі – оның қаламгерлік кредосы деуге болады. Оқырманын баурап әкететін «Ұясынан безген құс» туындысынан да осы бір ізгілікті әрі иланымды

ұстанымды көреміз. Мұндағы ағайын арасының татулығы, қызғаныштың құрқы боламай, тыны, көреалмаушылық, маскүнемдік, зинакорлық секілді адами қасиеттер мен құндылықтарды оқиғалардың тұздығы ете отырып, Шегебай мен Нояндардың «оқымын билдірмейтін жылан» жүрістерін әскерселейтін милса қызметкерлерінің еңбегін боямасыз суреттейді. Мұндағы «Ұясынан безген оңбайды...» сөзі ұлт ұясын қайталауға үзінділермен тұздытала отырып, майдандағы қаһарлы күндер психологиясы мен панорамасы тәптіштей тартылады. Оқиғалардың желісі майдандағы өмірді жан-жақты суреттеу арқылы бар қырынан көрінеді. Соғыстың өртіне кеп түскен өрімдей жас жауынгерлердің образы көз алдына келеді, соғыстың қайғы-қасіреті мен қатыгездігі жаңында түршіктіреді. Жаралы жауынгерлер өмірі, оның жан қиналысы, ажал аузындағы арпалыс, жұлынған аяқ пен жаншылған денелердің қанға боялған көріністерінің қазқашында берілгені сондай, сол сұрапыл шайқастың куәгеріне айналасын. Жарылған бомба мен жауған оқтын ортасында жүрген жауынгерлердің («Сағасын сағатта өзін қалай ұстап, қалай көрсететіні, олардың әрқайсысының бір-біріне ұқсайтын көзқарасы, өмірге құштарлығы, батылдығы мен батырлығы, соған қоса кейбір кейіпкерлерінің қорқақтығы мен сатқындығы, пұшайман пенделігі секілді, әйтеуір адамда болатын қасиеттердің бәрі романда шынайы суреттеледі.

Бесінші томнан оқырман көңілі қызықтыратын сауалдарға жан-жақты жауап-сырларды, толғам-ойларды қалауында таба алады дер едік. Мұндағы Кемел Тоқаев өміржолы, отбасы, өткені мен көргені жайлы ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ дипломатиясының көрнекті тұлғасы Қасымжолдас Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғауы» эссесі ерекше қызығушылық тудырады және асқан ықыласпен оқылады деп білеміз. Әке мен анаға деген перзенттік махаббатпен төгілген толғауда ата-анасын сүйіп, оны құрметтеп өткен, олардың жақсылығы мен қуанышын інкәрілікпен еске алуы, оны өмір бойы ұлық тұтып үкілей білген ұлдың сағынышқа толы көңілінің мөлдір моншақты қағаз бетіне қаз-қалпында түскен, баянсыз әсерлі де айрықша қастерлі. Жүректі тербеп, көңілге нұр құяды, перзенттік адалдықтың осыншалық пәктігі мен парасаттылығы, таңғы шықтай тазалығы еріксіз тәнті етеді. Баяндауы байыпты, толғауы тебіреніске толы өмірбаяндық эссенің жаңылы керемет, алдан асар есер де айрықша боларына көміл сенімдіміз.

Әрбір шығарма қаламгердің жан толқынысынан барып туады. Ондағы кейіпкерлер, оқиғалар, ойлар мен сезімдер толғанасы қаламгердің өмірлік танымы мен талғамының, сараптауы мен саралауының желісі мен жемісі.

Кемел Тоқаевтың болмысы, қаламгерлік қарымын тану үшін жазғандарын оқу керек. Ал оқыған жанның өз дәуірінің болмысын көркем сөзбен кестелеген қаламгердің еңбегіне риясыз ықыласты болары сөзсіз.

Бес томдық – қаламгердің кемел қазынасы.

**Жақау ДӘУРЕНБЕКОВ,** жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Ана тілі» баспасының директоры

ОЙЛАСУ

# «Түйемұрындық» ұмытылмасын десек...

Бүгінгінің тойында өзгеріс көп, негізінде бабалардан қалған салт-дәстүрлеріміз жатқанымен заманауи реңк пен көзқарас басым. Осы орайда Түркістан облыстық Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы мен Арыс аудандық мәдениет үйі игі жобаны қолға алып, той-шіл қауымға тың ұсыныс жасап отыр.

Ғалымжан ЕЛШІБАЙ, «Егемен Қазақстан»

Ұсыныс қолдау табар, ал бізге ұмыт болып бара жатқан ұлттық құндылықтарымыздың ұлықталғаны ұнады. Кезінде өзі куә болған аға буының «Түйемұрындық» салт-дәстүрінің маңызы мен мәні есінде шығар. Ал жастарға беймәлімдеу. Арыс ауданында «Түйемұрындық» қайта жаңғыртып, қолданысқа енгізу мақсатында мәдени іс-шара өтті. Түйе қомдалып, үлкендер бата беріп, жастар сейіл құрып, қыз сыңсып, ұзатылды. Бұл көрініске Арыс ауданының тұрғындары да қуана атсалысты. «Менің ойымша, бұл дәстүр қазіргі қоғамға ауадай қажет. Көбіне қаланың аумағында түйе мен жылқыға отырып, өз жұртымен қоштасуға мүмкіндік бола бермеуі мүмкін. Бірақ аталған ғұрыпты заманауи түрде қолданысқа енгізуімізге әблен болады», – дейді облыстық Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының директоры Жәнібек Тағаев.

«Түйемұрындық» – ұзатылып жатқан қыз көшінің жолында отырған ауылдың адамдары керуен атынын

ноктасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, сый алғандар бақыт тілей батасын беріп, ризашылығын білдіріп тараसाды. Ауыл ардагерлерінің айтуынша, «Түйемұрындық» бергенде қыздың төркіні құдаларға қызды ғана емес, түйені де береді. Ал ботасын өздері алып қалады екен. Араға жылдар салып, қызы күйеубаламен бірге үйіне баласын көтеріп келгенде, ботаны жиеніне бәсіре ретінде беріп жіберетін болған.

Иә, бүгінде еліміздегі үйлену немесе басқа да тойларда даңғазалық пен ысырапшылдық басым екені жиі айтылып жүр. Тіпті күні кеше Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев жауыр болған атакқұмарлық ысырапшылдықтан, сөнсалтанаттан құтылатын жаңа үлгі, өзбектер, түріктер, түрікмендердің үлгілері бойынша ұлттық салт-дәстүрге ден қою қажеттігін айтты. Арыстағы мәдени іс-шараны ұйымдастырушылар да қазакылықтың қаймағы бұзылмаған өңірде осы бір ұлттық салт-дәстүрдің қайта жаңғырғанын қалайды.

Түркістан облысы

МӘДЕНИ МҰРА

# Білім қайнары – кітапханалар

Алматыдағы Ұлттық кітапханада екі күнге созылған республикалық съез аясында кітапхана және кітапханашының қоғамдағы рөлі мен заманауи мүмкіндіктеріне қатысты келеді мәселелер Парламент депутаттары, мәдениет саласының өкілдері тарапынан жан-жақты талқыланды.



Эльвира СЕРІКҚЫЗЫ, «Егемен Қазақстан»

Республика өңірлерінен екі жүзге тарта, сондай-ақ АҚШ, Түркия, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және т.б. шет мемлекеттерден келген кітапхана саласының мамандары соңғы жиырма жылдағы жетістіктер мен қордаланған мәселелер төңірегінде пікір алмасты.

Съездің ресми бөлімінде Парламент Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрайымы Бірғаным Әйтимова мәдениет саласы, оның ішінде кітапханашылардың қызметіне қатысты талаптар заңмен үнемі толықтырылатындығын атап өтіп, кітапханалар қызметінің эзірге бір ғана баппен шектеліп отырғандығына көңіл бөлініп келеді. Алдағы уақытта кітапханаларға қажеттілік мәселесі мемлекеттік гранттар аясында жандана түсуі тиіс. Ал кітапханалардың көбеюі еліміздің интеллектуалды деңгейінің артуына зор ықпал ететіні сөзсіз.

Заманауи технологиялар ғасырында әдеби мұрамызды сақтап қалу, сирек басылымдарды қалпына келтіру, көне қаріште басылған баспа өнімдерін сырты мен сынын бұзбай келешек ұрпаққа жеткізу осы съездің басты тақырыбына айналды. Кітапханашылар кездесуінде пікірін білдірген ақын Олжас Сүлейменов әдебиет, кітап тақырыбының күнделікті өмірімізбен байланысы

оның жарқын келешегінен хабардар еткі. Кітап барда адамзаттың мәдениеті мен білімі бар, деп атап өтсе, ғалым Әбсаттар Дербісәлі кітапханалар сонау көне ғасырлардан бастау алатынын әрі көптеген ғұламаларымыздың, оның ішінде Әл-Фараби сияқты тұлғалардың ғылыми тұрғыдан дамуы кітапханалар қызметімен тығыз байланысты екендігіне тоқталды.

Кітапханалардың өміршен болуы білімді, жарқын келешектің келбетінің жарқын көрінісі. Кітапхананың жаһандану ғасырында мәдени институт мәртебесін сақтауына қоғамның қосар үлесі зор. Осы тұрғыда сөз сөйлеген Алматы қаласы Мәдениет және архивтер басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиев, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, Ұлттық кітапхана директоры Жанат Сейдүманов, Ресей мемлекеттік кітапханасының директоры В.Дуда, ЮНЕСКО өкілдері кітапхана мен кітапханашының қоғамдағы рөліне қатысты маңызды жайттармен бөлісті.

Екі күндік съез аясында салада шешілуге тиісті көптеген мәселелер назарға алынып, кітапхана желісінің сапалы адами капиталды қалыптастырудағы және қоғамдық сана-ны жаңғыртудағы рөлі мен орны, кітапхана саласын дамыту, цифрландыру жүйесіндегі кітапханалар, арнайы кітапханаларды сандық ортаға интеграциялау және заманауи форматта дамуы сияқты өзекті тақырыптар қозғалды.

АЛМАТЫ

